



**1995 жылғы 15 наурызда Исламабадта қол қойылған Экономикалық Ұнтымақтастық  
Ұйымының транзиттік саудасы туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 18 қазан N 39-I

1995 жылғы 15 наурызда Исламабадта қол қойылған Экономикалық  
Ұнтымақтастық Ұйымының транзиттік саудасы туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ (ЭКО)  
ТРАНЗИТТІК САУДА ТУРАЛЫ КЕЛІСІМІ**

Мүше-елдер арасындағы сауданы жеңілдетуге жәрдемдесуге тілек  
білдіре отырып,

мүше-елдер аумағы арқылы транзиттік сауданы жетілдіру басты  
мәселе деп санай отырып,

Измир Шартында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру үшін  
біртұтас жеңілдетілген және үйлестірілген әкімшілік формальдылықтар,  
соның ішінде аймақтық сауда саласында, әсіресе, шекара бекеттерінде,  
теңіз және әуе айлақтарында кедендік процедуралар қажет деп келісе  
отырып,

мүше-елдер төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты:

**I-ТАРАУ  
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

(a) Атауы

1 БАП

Бұл Келісім "Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының (ЭКО) Транзиттік сауда туралы келісімі" деп аталады.

(б) Айқындамалар

II БАП

(i) "Мүше-ел" Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының (ЭКО) мүшесі болып табылатын мемлекет дегенді білдіреді.

(ii) "Хатшылық" Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының Хатшылығы дегенді білдіреді.

(iii) "Уағдаласушы Тарап" Келісімге қол қойған және оған қосылған мүше-ел дегенді білдіреді.

(iv) "Контейнер" ішіне жүк салынатын және бірнеше мәрте пайдаланыла алатын тұрақты сипаттағы көлік жабдығының бірлігі (алмалы ыдыс, көшпелі цистерна немесе осыған ұқсас кез келген басқа құрал) дегенді білдіреді.

(v) "Тауарлар" тек қана коммерциялық тауарлар бөлігін білдіреді және жолаушылардың жеке заттарын қамтымайды.

(vi) "Кепілдік беруші Ассоциация" уағдаласушы мүше-елдің кедендік органдары осы Келісім процедураларын пайдаланатын адамдар үшін кепілдік ретінде көрінуге өкілдік берген ассоциация дегенді білдіреді.

(vii) "Импорттық немесе экспорттық баждар және салықтар" тауарлар импортынан немесе экспортынан (немесе осыларға байланысты) алынатын, бірақ бұған көрсетілген қызметтер құнынан алынған төлемдер немесе баждар қосылмайтын кедендік баждар мен кез келген орталық және жергілікті басқа да баж салықтары, төлемдер және басқа да алымдар

дегенді білдіреді.

(viii) "Темір жол вагоны" жүктерді тасымалдауға арналған кез келген темір жол вагоны дегенді білдіреді.

(ix) "Автомобиль көлігі" оларға тіркемелерді және жартылай тіркемелерді қоса алғанда мотордың көмегімен қозғалысқа түсетін кез келген көлік құралы дегенді білдіреді.

(v) Мақсаты

### III БАП

Осы Келісімнің мақсаты тасымалданатын жүк оның тасылу жолы бойынша ЭКО-ның басқа мүше-елінің немесе басқа мүше елдерінің аумағы арқылы өтетін жағдайда ЭКО-ның екі мүше-мемлекеті арасындағы саудаға жәрдемдесу болып табылады.

(г) Қолданылу саласы

### IV БАП

Осы Келісім бір мүше-елдің кедендік жөнелту пункті мен екінші мүше-елдің кедендік қабылдау пункті арасындағы бір немесе бірнеше шекаралар арқылы, сонымен бір мезгілде ЭКО-ның басқа мүше-елінің немесе басқа мүше-елдерінің юрисдикциясы арқылы өте отырып, аралық қайта тиеумен немесе онсыз-ақ тауарлар тасымалдауларына қолданылады.

### V БАП

Осы Келісімнің ережелері автомобиль, темір жол, теңіз, әуе көліктерімен немесе осы көліктер түрлерінің жиынтығымен тасымалданатын тауарларға қолданылады.

## 2 ТАРАУ

### ПРИНЦИПТЕР

### VI БАП

Осы Келісім шеңберінде тасымалданатын тауарлар үшін импорттық немесе экспорттық баждар немесе салықтар төлеуге, сондай-ақ қандай да бір мүше елдің аумағы арқылы транзит кезінде бұндай баждар мен салықтарға қардарлық енгізуге жатпайды. Кепілдік беруші Ассоциация өз мойнына импорттық немесе экспорттық баждарды немесе салықтарды төлеуді, сондай-ақ осы Бап бойынша ереженің бұзылғаны туралы аумағында тіркелген елдің кеден заңдарына сәйкес төленуге жататын міндеттемелер орындалмаған кезде проценттер төлеуді өз мойнына алады.

## V I I Б А П

а) Осы Келісім шеңберінде тасымалданатын тауарлар ереже бойынша тасымалдану жолында кедендік тексеруге жатпайды. Заңсыз теріс әрекеттер болдырмау үшін ерекше жағдайларда кеден органдары тек әлде бір заң бұзушылық туралы күдік келтіргенде ғ а н а ж ү к т і т е к с е р е а л а д ы .

б) Осы Келісім шеңберінде берілетін мүмкіндіктерді пайдалану үшін тауарлар теңіз немесе әуе көлігімен, я болмаса пломбыланған жүк автомобильдерімен, контейнерлермен, темір жол вагондарымен немесе осы көлік түрлерінің және Кепілдік етуші Ассоциация қабылдаған ережелерге сәйкес пломбыланған жиынтығымен т а с ы м а л д а н у ғ а т и і с .

## V I I I Б А П

Осы Келісімнің ережелерін Кепілдік етуші Ассоциация осыған байланысты тиісті сертификат берген жағдайда пломбыланған контейнерлермен немесе вагондармен тасымалдауға болмайтын ауыр немесе сусымалы жүктерге қатысты қолданбауға б о л а д ы .

## I X Б А П

а) Осы Келісімнің ережелері қолданыстағы заңдар шеңберінде немесе діни жағдайларға, қоғамдық мораль мен қауіпсіздік, гигиена немесе қоғамдық денсаулық сақтау талаптарына, сондай-ақ экологиялық, ветеринарлық немесе фитопатологиялық жағдайларға байланысты міндеті болып табылатын шектеулер енгізуге және бақылау жүргізуге кедергі

келтірмейтін болады.

б) Осы Келісім оған қол қойған елдің бір тараптық негізде я болмаса екі тараптық немесе көп тараптық келісімдер шеңберінде жасағысы келетін, егер мұндай мүмкіндіктер осы келісімнің ережелерін қолдануға кедергі келтірмейтін жағдайда, үлкен мүмкіндіктерге кедергі жасамайтын болады.

### 3 ТАРАУ

#### ЖҰМЫС ПРОЦЕСІ

##### X БАП

а) Осы Келісім шеңберінде берілген мүмкіндіктерді пайдалану үшін кедендік жөнелту пункті жүктің сипаты мен мөлшерін, сондай-ақ пайдаланылатын көлік түрі мен мүмкін болатын маршрут бағытын куәландыратын сертификат береді.

б) Мүше-елдердің жүктің тасымалдану жолы бойындағы кеден пункттері мұндай сертификаттың жарамды екенін мойындауға тиіс.

##### XI БАП

Жүрілетін жол бойындағы елдің немесе мүше-елдердің тиісті мемлекеттік органдары осы Келісім шеңберінде және қолданыстағы заңдарға сәйкес олардың аумағы арқылы өтетін жүктерді тасымалдау үшін барлық мүмкіндіктерді жасайтын және қажет болған жағдайда оларды көліктің бір түрінен екіншісіне ауыстырып тиеуді жылдамдататын болады.

### 4-ТАРАУ

#### БАҚЫЛАУ

##### XII БАП

а) Осы Келісім шеңберінде Транзиттік сауда дамуының барысын бақылауды жүзеге асыру үшін Келісімге қол қойған әрбір мүше - елден құрамында бір өкілден болатын Транзиттік сауда жөніндегі ЭКО Комитеті құрылатын болады.

б) Жоғарыда а) тармағында аталған Комитет осы Келісім

шеңберіндегі қызметті бақылауды жүзеге асырудан басқа оны жүзеге асыруға қажетті процедураларды жасайтын болады. Комитет сондай-ақ Келісімді жүзеге асыру барысында туындауы мүмкін кез келген даулы мәселелерді шешетін болады.

в) Комитет жылына бір рет жиналатын болады, бірақ қажеттілігіне қарай одан да жиірек жинала алады.

## 5-TAPAY

# ТУЗЕТУЛЕР

### XIII БАП

ХІІ Баптың а) тармағына сәйкес құрылатын комитет немесе мүше-ел Министрлер Кеңесі бекітуге тиіс кез келген түзетулер енгізе алады.

## 6-TAPAY

## БЕКІТІЛУІ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНУІ

## XIV БАП

а) Келісімге қол қойған әрбір мүше-ел өзінің қолданыстағы заңдар мен конституциялық практикасына сәйкес осы Келісімді бекітуге және бұл жайында Хатшылыққа хабарлауға тиісті.

б) Осы Келісім оған мүше-елдердің үшеуінен астамы қол қойғаннан,

бекіткеннен және бекіту грамоталарын Секретариатқа бергеннен кейін алпысыншы күні күшіне енеді.

в) Егер осы Келісім күшіне енгеннен кейін қандай да бір мүше-ел оған кіретін болса, онда аталған мүше-елге қатысты Келісім оның өзінің бекіту грамотасын ЭКО Хатшылығына тапсыра салысымен-ақ күшіне енеді.

Осыны куәландыру үшін төменде аталған өкілетті өкілдер осы Келісімге қол қойды.

1995 жылы 15 наурызда екі түпнұсқа данада ағылшын тілінде жасалды, бұлар өз кезегінде оның бір дана куәландырылған көшірмесін әрбір мүше-елге жолдайтын ЭКО Хатшылығына тапсырылатын болады.

Әзербайжан Республикасының атынан

Иран Ислам Республикасының атынан

Қазақстан Республикасының атынан

Қырғыз Республикасының атынан

Пакистан Ислам Республикасының атынан

Тәжікстан Республикасының атынан

Түрік Республикасының атынан

Түркіменстан атынан